Қазіргі кезде білім беру ісінде, жеке тұлғаны жан – жақты жетілдіріп, танымдық іс-әрекеті мен ой - санасын дамытып, қалыптастыру барысында білім берудің ұлттық, педагогикалық, психологиялық негізін айқындау керек. Елімізде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени өзгерістерге байланысты оқу – тәрбие процесін ұлттық сипатта ұйымдастыру – өмір талабы.

Кейбір зерттеушілер этикалық тәрбиені ұрпақтан – ұрпаққа берілген өзгеріссіз, ал өзгерген жағдайда ұзақ уақыт қызмет ететін мораль элементтерінің тұрғысынан қарастырылады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды этикалық тәрбиелеу – белгілі бір категориялар мен нормаларды, моральдық құндылықтарды, мәдениетті, әдеп пен дағдыларды, адамгершілік құндылықтар мен заңдылықтарды балаларға меңгерту арқылы балалардың этикалық тәрбиесін қалыптастыру процесі болып табылады.

Этикалық тәрбие – тәрбиеленушілерде әдептілікті, мінез-құлық және қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруды көздейтін тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің мақсатты ықпалдасуы.

Этикалық тәрбие – бұл тәрбиеленушілердің қоғамдық мораль талабына сай санасына, сезіміне, әдет-қылығына, мақсат-бағытына жүйелі түрде ықпал ету.

Этикалық тәрбиенің негізгі міндеттері:

- ✓ ізгілік сана қалыптастыру;
- ✓ инабаттылық сезімдерге тәрбиелеу;
- ✓ этикалық әдет-қылықтың сипіліктері мен дағдыларын қалыптастыру.

Этикалық тәрбиенің жалпы міндеті мектеп жасына дейінгі балалардың мінез - құлқы мен тәртібін, адамгершілік сезімі мен сана нышандарын, адамгершілік түсініктері мен мінез-құлқын қалыптастыру болып табылады. Этикалық сезім адамгершілік түсініктерді меңгерудің негізінде туып, балалардың іс-әрекеті мен мінез-құлқының, тәртібінен көрініс табады. Этикалық тәрбиенің міндетін жүзеге асыру барысында баланың бойында енді дами бастаған сезімдерін пайдалана отырып, үлкенді сыйлауға, мәдени мінез-құлықтың қарапайым ережелерін, әдеті мен дағдыларын моральдық сапаларын, мінез-құлықтарын, өзін және өзгелерді әділ бағалай білу қабілетін дамытып, қарапайым да күрделі сезімдер мен қарым-қатынастар қалыптастыруға ықпал ете білуге үйрету көзделеді.

Балабақшадағы этикалық тәрбие тым сан алуан және оның нәтижелері қилы-қилы әрекет барысында көрініс табады. Бұл жұмыстардың көздейтін мақсаттары – тұрмыста, еңбек, ойын барысында қоғамдық және табиғи құбылыстармен таныстыру арқылы айналадағы ортаға әдептілік қасиеттерге тәрбиелеу.